

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК комплеанс қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуы мәселелері бойынша
№11 ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

26.11.2024 жыл

Комплеанс офицер: Мустафин Ф.Т. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Баяндамашы, жұмыс тобының жетекшісі: Сайлау Д.Е. – бөлім меңгерушісі

Қатысушылар: Политехникалық колледжінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің жұмыс тобының мүшелері, бөлім меңгерушілері, оқытушылар, заңгер кеңесші

Хатшы: Маймакова Л.Ж.

КҮН ТӘРТІБІ

Шымкент қаласы білім басқармасы «Политехникалық колледжі» МКҚК (ары қарай *Политехникалық колледжі*) директорының 2024 жылдың 2 қазанындағы №151-н/к бұйрығының негізінде құрылған жұмыс тобы жүргізген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Мустафин Ф.Т., Сайлау Д.Е.

Мустафин Ф.Т. – Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық тек экономиканың, мемлекеттік басқарудың емес, сонымен қатар білім беру процесінің де дамуына теріс әсер ететін фактор болып табылады. Ақтуалды мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес және оған қарсы іс-әрекет, қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және оларды тоқтату. Егер қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызметтік жағдайды жеке мақсаттарда пайдалану. Сыбайлас жемқорлықтың бір көрінісі – пара алу немесе беру. Латын тілінен "коррупция" (corruptio) дегеніміз паракорлық, бұзылу деген мағынаны білдіреді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық пен басқа да қызметтік қылмыстарға арналған арнайы тарау бар, ол 12 бапты (361-371) қамтиды, осы баптар бойынша лауазымды тұлғаларға үлкен айыппұлдар, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлікті тәркілеу жазасы қарастырылған. Барлығымызға белгілі, заңға сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлға өмір бойы мемлекеттік органда жұмыс істеу құқығынан айырылады. Сыбайлас жемқорлық өзінің формасы бойынша латентті, яғни жасырын қылмыс болып табылады, мұнда пара алу немесе беру, заңсыз сыйақы алу фактілері тек өте тар адамдар тобына ғана белгілі, ал заңсыз әрекеттерін жасыруға деген қызығушылық негізінен пайдакүнемдік ниеттерден туындайды. Сондықтан қылмыстық қудалау органдары мен қоса Политехникалық колледжінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің жұмыс тобы аталған қылмыстарды анықтау үшін арнайы іс-шаралар жүргізуде. Арнайы іс-шаралар жүргізу үшін паракорлықтың белгісі көрінгенше күту қажет емес, іс-шаралар алдын ала жинақталған ақпараттар негізінде фактілерді бекіту және лауазымды тұлғаның кінәсін дәлелдеу үшін қажетті, бұлтартпас дәлелдерді жинау мақсатында белгіленеді. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының әрбір фактісі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып жатыр, біз бәріміз жақсы хабардармыз. Елімізде болып жатқан оқиғалармен танысқанда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен күресте жүргізіліп жатқан жұмыстарға

көңіл бөлгенде, біз кейде мұны беткейлік тұрғыдан қарастырамыз, көбінесе бұл ақпараттың өзімізге және біздің қызметімізге қатысы жоқ деп ойлаймыз. Біз тек сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған әріптестеріміз, таныстарымыз және т.б. туралы фактілер пайда болғанда ғана ойлана бастаймыз.

Құрметті әріптестер, неге біз бұл тақырыпты сіздермен талқылап отырмыз деп айтқанымдай, сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінгі күні өзекті болып табылады, сыбайлас жемқорлық көріністерін жою бойынша жұмыс барлық мемлекеттік органдармен жүргізілуде. Қабылданған және жүргізіліп жатқан шаралар сіздердің сыбайлас жемқорлықтың мәнін түсініп қабылдауларыңызсыз жеткіліксіз болады, өйткені әрбір жасалған қылмысқа жазалау қолданылады.

Сайлау Д.Е. - Білім саласында сыбайлас жемқорлық мәселесі оқу орындарының тиімділігі мен білім беру сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Осы уақытқа дейін Политехникалық колледжінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның деңгейін төмендету үшін түрлі шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оған комплеанс қызметтің бақылауы, білім беру жүйесінің ашықтығы, тәртіптің қатаңдығы және білім беру процесін реформалау сияқты факторлар кіреді. Аталған принцип Қылмыстық кодексте бекітілген, жазадан жалтарылмау принципі, ақырында әрбір қылмыс жазасыз қалмайтынын барлығыңыз жақсы білесіздер. Неліктен бұны айтып отырмын, сыбайлас жемқорлықпен күрес бастапқыда өздеріңізден басталуы керек, сіздер бұл мәселенің барлық ауырлығын және жауапкершілігін түсінуіңіз қажет. Қарапайым тілмен айтқанда, заңсыз әрекеттерге барудан бұрын, өз отбасыңызды, балаларыңыздың болашағын ойлаңыздар, қорқыныш, өзін-өзі сақтау сезімі әрдайым болуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын, бұл тек сөз емес, әрбір заңсыз әрекетке тиісті салдары болады.

Сіздердің әрқайсыңыз, белгілі бір дәрежеде мемлекеттік өкілеттіктерге ие тұлға ретінде дәл осы салада мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық заңдылығын тексеруге арналған провокациялық әрекеттерге тап болуыңыз мүмкін, олар арнайы шаралар ретінде шығуы мүмкін. Заңсыз әрекеттерге бой алдырмаңыздар, заңның сөзінде жұмыс істеңіздер, заңды және дұрыс шешімдер қабылдаңыздар. Тағы да Шымкент қаласы бойынша сенім телефонының жұмыс істеп тұрғанын еске салғым келеді, жауапты тұлға анықталған жағдайда фойеде және интернет ресурстарында орналастырылған сенім телефонына жүгінгендеріңіз абзал немесе комплеанс офицер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобына хабар беріңіздер.

Өткізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген аналитикалық зерттеулер мен шаралар нәтижесінде оң нәтижелерге қол жеткізілгенін көрсетті. Білім беру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту арқылы оқу орнының беделі артып, білім беру сапасы жоғарылады. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде және бұл жұмыстың нәтижесі білім беру жүйесі үшін маңызды оң өзгерістерге әкеледі. Ішкі талдау объектісіне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Құрметті әріптестер, біз сіздерді қалай өмір сүру керектігін, қандай жағдайда не істеу керектігін үйретуге құқылы емеспіз, сіздер барлығыңыз өмірлік және еңбек тәжірибесі мол қалыптасқан мемлекеттік қызметкерлерсіздер, менің баяндамама тек ескерту және алдын алу сипатында, бір сөзбен айтқанда айтқым келгені — сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын, Мемлекеттік қызметшінің этикалық кодексін қатаң сақтаудың

қажеттілігі, мен айтқан теріс салдардың болмауы үшін. Сіздер мені дұрыс түсініп, өздеріңіз үшін қорытынды жасайсыздар деп үміттенемін.

Өткізілген семинар-кеңес нәтижелері бойынша қабылданған шешім:

1. Политехникалық колледжі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комплеанс офицер Мустафин Ф.Т., бөлім меңгерушісі, жұмыс тобының жетекшісі Сайлау Д.Е. баяндамасын қабылдау.
2. Политехникалық колледжі бөлім меңгерушілері мемлекеттік қызметкерлерінің шектеулерін қатаң сақтауын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің көріністеріне жол бермеуін қамтамасыз ету.
3. Политехникалық колледжі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің көріністері туралы жедел түрде хабарлау.







Комплеанс офицер:

Жұмыс тобының жетекшісі:

Заңгер кеңесші:

Жұмыс тобының мүшелері:

Жұмыс тобының мүшелері:

	Ф.Т.Мустафин
	Д.Е.Сайлау
	Ж.Н.Айтимбетов
	Ж.Б. Қодар
	М.Б. Мамырбекова
	Л.Ж. Маймакова